Ойынға балаларды жинау. Балаларды ойынға тартудың көптеген жолдары бар. Ерте жас тобында және кіші топта тәрбиеші 3-5 баламен ойнай бастайды, қалғандары бірте-бірте оларға қосылады. Ойынға тосын сәттерді пайдаланып қатыстыруға болады, мысалы, ойыншықтың аяқ астынан пайда болуы. Ортаңғы топтың балалары ойынның басталуын, қайда жиналатынын және ойынның қандай белгі бойынша бастайтынын алдын ала келісіп алады. Ересек топтан бастап, көмекшілер балаларды жинай алады - педагог немесе педагог тағайындаған ең белсенді балалар «шақырушы сөздердің» көмегімен ойынға шақыра алады: («Бір, екі, үш - тез жүгіру», «Бір, екі, үш, төрт, бес - барлығын ойнауға шақырамын»). Ойынға балаларды жинау тез жүргізілуі керек, өйткені кешігу ойынға деген қызығушылықты төмендетуі мүмкін.

Ойынға деген қызығушылықты тудыру. Ойынға деген қызығушылық тапсырманы мұқият орындауды, ережелерді жақсы меңгеруді және эмоционалды көтерілуді қамтамасыз етеді. Осы мақсатта әртүрлі әдістерді қолдануға болады. Мысалы, ерте және кіші топ балалары үшін өлең оқу арқылы, шағын ертегі, әңгіме, ойын әдістері, мысалы, олармен ойнағысы келетін немесе оған бөлмеде шашылған сәбзді табуды сұрайтын қоянмен танысуды қарастыруға болады.

Рөлдерді бөлу. Ерте жас тобында және кіші топта көшбасшы рөлін ең алдымен тәрбиешінің өзі атқарады және оны эмоционалды, айқын, бейнелі түрде орындайды. Бірте-бірте балаға шектеулі кеңістік және оның қозғалысының белгілі бір бағыты болған жағдайда жеке рөлді сеніп тапсыруға болады. Ортаңғы топта кейде педагог басты рөл атқарады. Көшбасшы рөлі алдымен оны жеңе алатын белсенді, жігерлі балаға, содан кейін өз кезегінде топтағы қалған балаларға жүктеледі. Ересек және дайындық топтарында педагог белгілі бір

педагогикалық міндеттерді басшылыққа ала отырып, жетекші тағайындайды (жаңа баланы ынталандыру немесе, керісінше, мысалмен батыл болу қаншалықты маңызды екенін көрсету) немесе ойынға өзі қатысады. Балалардың жалпы ләззат алуын, көшбасшының немесе қарапайым қатысушының рөлін алу немесе көшбасшы болғысы келетінін таңдайды. Баланы басты рөлге таңдау педагогтің мотивациясымен жүзеге асады. Басқа жағдайда педагог санамақты қолдана алады. Сонымен бірге ол балаларға: «Бүгін қай санамақты таңдаймыз?»; Кім санағысы келеді? Балаларды жүргізушіні өздері таңдауына мүмкіндік береді, содан кейін олардан рөлді неге осы балаға сеніп тапсыратынын түсіндіруді сұрай алады. Ойын барысында жаңа жүргізушіні тағайындау үшін қозғалыстар мен ережелерді орындау сапасы басты өлшем болып табылады. Мысалы: «Балалар, Айгүл қандай тамаша жолдас: қасқырдан оңай жалтарып, Мәдинаны құтқарып қалды. Енді ол қасқыр болады».

Қажет болған жағдайда сюжеттік қимылды ойындарды өткізбес бұрын педагог балалармен *алдын ала жұмыс* жүргізеді. Мысалы, белгілі бір тақырып бойынша бейне, мультфильм немесе фильм көруге болады; табиғат құбылыстарын, жануарлардың әдеттерін, әртүрлі кәсіптегі адамдардың іс-әрекетін бақылауды ұйымдастыру; әдебиеттерді оқу, тақпақтар мен ойыннан сөздерді жаттау.

Ойынның мазмұнын түсіндіру. Ойынды түсіндіру кезінде балалардың барлығы педагогті көре алатындай етіп орналастыру өте маңызды. Ерте және кіші топтардың балалары көбінесе шеңберге, ал ересек топ балаларды сапқа, жарты шеңберге немесе өзіне жақын топқа жинайды. *Ерте жас және кіші топ* балаларына барлық түсіндірмелер ойынның барысында беріліп, қысқа, эмоционалды, мәнерлі және түсінікті болуы керек. Баланың ойын бейнесіне айналуына ықпал ететін бейнелі сюжеттік оқиға қолданылады. *Ортаңғы топта* әңгімеге негізделген қимылды ойынды өткізе отырып, педагог балаларға ойынның атын айтады, ойынның ережелерін атап өтіп, мазмұнын баяндайды, әр кейіпкердің іс-әрекетінің мәні мен ерекшеліктерін және қимыл-қозғалыстарды көрсетеді. *Ересек және мектепалды топтарында* ойынды түсіндіру кезінде педагог ойын басталғанға дейін оның мазмұнын толық ашады, содан кейін сұрақтардың көмегімен ережелерді нақтылайды, балалардың бірін мазмұнын қайталап айтып беруге шақырады. Осыдан кейін педагог балалардың ойнайтын жерін көрсетіп, рөлдерді бөледі, жүргізушіні тағайындап, ойын әрекеттерін бастайды. Егер ойын өте күрделі болса, онда бірден егжей-тегжейлі түсіндіру қажет емес, алдымен негізін түсіндіріп, содан кейін ойын барысында қосымша бөліктері айтылады. Ойын қайта ойналғанда ережелер нақтыланады. Егер ойын балаларға таныс болса, өздерін түсіндіруге тартуға болады.

Ойынды басқару. Баланың жасы кіші болған сайын педагогтің белсенділігі де арта түседі. Ерте және кіші жастағы балалармен ойынды бірге ойнайды, көбінесе басты рөлді өзі алып, ойынды басқарады. Орта және ересек топтарда тәрбиеші бастапқыда жетекші рөлді өзі алады, кейін бірте-бірте балаларға береді. Ойын барысынла жұп жетіспеген кезде қатысады (мысалы, «Жұбыңды

тап» ойынында). Педагог ойынның басталуын пәрмен , дыбыстық және көрнекі белгілер арқылы білдіреді (қол шапалақтау, жалауша, қол бұлғау). Ойын барысында да, оны қайталаудың алдында да нұсқау беріледі, балалардың іс-әрекеті мен мінез-құлқын бағалайды, олардың эмоционалды жағымды күйін сақтайды. Педагог қимыл-қозғалысты орындаудың, ұстап алу мен жалтарудың, бағытты өзгертудің, байқамай сырғып кетудің немесе қақпанның жанынан жүгірудің қаншалықты орынды екенін атап өтеді. Педагог балалардың іс-әрекетін бақылайды және ұзақ бірқалыпты қалыпта болуға жол бермейді, мысалы: тізерлеп отыру, бір аяқпен тұру, әр баланың жалпы жағдайын және әлауқатын бақылайды. Бірте-бірте көтеру арқылы дене жүктемесін реттейді, адамгершілікке тәрбиелейді, балаларда өзін-өзі дұрыс бағалауды, қарым-қатынас нормаларын қалыптастырады, қиындықтарды жеңуге үйретеді. Қозғалыс қарқынын өзгерту арқылы жүктемені арттыруға болады. Көп қозғалысты ойындар 3-4 рет, баяулары 4-6 рет қайталанатын. Қайталаулар арасындағы үзілістер 30 секунд - 1 минут. Үзіліс кезінде балалар жеңілірек жаттығулар жасайды немесе мәтіндегі сөздерді айтады.

Ойынның аяқталуы және қорытындылау. Ерте жас және кіші топтарда педагог ойынды неғұрлым еркін сипаттағы басқа әрекеттерге көшуді ұсынумен аяқтайды. Ойынды қорытындылау оптимистік, қысқа, нақты болуы керек. Ортаңғы топтан бастап, ойынның қорытындысы шығарылады: қимылдарды дұрыс орындағандар ептілік, жылдамдық, тапқырлық, ұтқырлық, ережені сақтағандар, жолдастарына қол ұшын бергендерді атап өтеді. Педагог тәртіп бұзған және жолдастарына кедергі келтіргендердің атын да атайды. Ойында жетістікке қалай жеткенін, неліктен біреулердің қолға тез түскенін, ал кейбіреулердің ұстатпағанына қорытынды жасайды. Ойынның қорытындысын шығарудың мәні келесі жолы бұдан да жақсы нәтижелерге жетуге деген ұмтылысты қалыптастыруда қызықты және мазмұнды түрде өтуі керек екендігі ескертіледі. Ойынды талқылауға барлық балалар қатысуы керек. Бұл олардың іс-әрекеттерін талдауға үйретеді, ойын және қозғалыс ережелерін орындауға саналы көзқарасты тудырады.

Қимылды ойындарды ұйымдастыру және өткізу кезінде оның ерекшеліктерін ескеру қажет:

1. Қимылды ойындарда балаларға таныс қозғалыстар болуы керек. Дене шынықтырудың ұйымдастырылған іс-әрекетінде жаңа негізгі қимылдарды дұрыс орындау дағдыларын меңгертуді ойын арқылы ұйымдастырған жөн.

2. Ойындар мен жаттығулардың күрделілігін, олардың бір-бірімен үйлесімділігін, балалардың физикалық дайындық деңгейіне сәйкестігін, жас және жеке ерекшеліктерін, олардың тілектері мен қызығушылықтарын ескеру қажет.

3. Қимылды ойындарды бастау кезінде алдыңғы және кейінгі әрекеттердің сипатын және балалардың көңіл-күйін ескеру. Жоғары физикалық немесе психикалық күш-жігерден жұмсалатын әрекеттен кейін - қарқыны аз ойындар; ұзақ уақыт бойы енжар әрекеттен кейін оқиғаға сәйкес өзгертін алуантүрлі

қимылды ойын ойнаған дұрыс. Жоғары қимылды ойындар тамақтанғаннан кейін 25-30 минуттан кейін өткізіледі және тамақтанғанға дейін ешқашан ойын жүргізілмейді. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің алдында серуеннің соңында қозғалыс қарқындылығы жоғары ойындарды ойнауға болмайды, өйткені бұл жағдайда балалар шамадан тыс белсенді болады, бұл күндізгі ұйқының сипатына теріс әсер етеді, ұйықыға кету ұзақтығын арттырады және тәбеттің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

4. Балалардың қызығушылықтарын, тілектерін және физикалық дайындығын ескере отырып, әртүрлі тәрбиелік және дамытушылық міндеттерді, яғни қозғалыстарды жетілдіру, физикалық қасиеттерін тәрбиелеуді шешуде ойынның әртүрлі нұсқалары мен күрделенген түрлері қолданылады. Ойын төмендегі бағыттарда күрделенуі мүмкін:

- бірнеше жетекші енгізу («Құйрықты қақпан» ойынында 2 тұзақ);
- ойында қашықтықты арттыру (жүгіру, секіру, лақтыру);
- ережелерді қиындату (мысалы, алдымен балалар жүгіріп, кез келген орынды алады, содан кейін белгілі бір немесе ересек топта ұсталғандарды құтқаруға болады);
- белгілерді өзгерту (ауызша – дыбыстық немесе көрнекі орнына);
- уақытты көбейту (жүгіру, секіру үшін);
- баладан ұстамдылықты, өзін-өзі бақылауды талап ететін ережелерді енгізу.

5. Ойыншылардың эмоционалдық күйінің жоғарылауымен ойындағы жүктеменің арта түсетінін ескеру қажет. Ойынға әуестенген ойнаушылар бір-бірінен асып түсуді қалайды, мүмкіндіктерін есептемейді және өздерін шамадан тыс қимыл жасауға мәжбүрлейді. Балаларды ойында өз әрекеттерін бақылауға, реттеуге үйрету қажет. Кейде ойыншылар әлі демалу қажеттілігін сезінбесе де, ойынды тоқтатуға тура келеді. Арасында қысқа үзілістер ұйымдастырып, онда қателерді талдау, ұпайларды санау, ережелерді нақтылау, қашықтықты қысқарту, қайталау санын азайту қарастырылады. Ойынға қатысушылардың қозғалғыштығын арттырып, кедергіні толықтырып, қашықтықты ұлғайтуға болады. Барлық ойыншылардың шамамен бірдей жүктеме алғаны жөн. Сондықтан жеңілгендерді ойыннан өте қысқа уақытқа ғана шығаруға болады.

III. Қимылды ойындар және ойын жаттығуларының сипаттамасы

1 жасан 2 жасқа дейін балалардың физикалық және психологиялық дамуының белсенді кезеңі. Осы кезеңге арналған қимылды ойындар балаларға қолжетімді және түсінікті болу үшін ережелер мен тапсырмалар тұрғысынан қарапайым болуы керек. Ерте жас тобында негізгі қимылдардың келесі түрлері игеріледі: жүру, тепе-теңдік жаттығулары, өрмелеу, еңбектеу, домалату. Бұл

ойындар бұлшық еттерін дамытуда, қозғалыстарды үйлестіруде және тепе-теңдікте ғана емес, сонымен қатар балада жағымды эмоцияларды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Белгілі бір жасқа қатысты қимылды ойындар мен ойын жаттығуларының кейбір мысалдарын қарастырамыз.

1) *«Күн мен жаңбыр»*. «Күн шуақ» дегенде бөлмеде еркін қозғалуға, көңіл көтеруге болады. Егер «Жаңбыр» болса, онда қолшатырды ашып, баланы жаңбырдан қолшатырдың астына қорғануға шақырады.

Қолшатырдың астында тұрғанда, күнді шақыру үшін өлең жолдарын айта аласыз:

Жаңбыр, жаңбыр
Құйып тұрып жау
Су, су болды балалар!

Қолшатырдың астына ғана емес, оның орнына үлкен орамалдың, сүлгінің астына, ойын үйшігінде - шатырда және т.б. қолдануға болады.

2) *«Құс»*. Балалармен бірге отырып:

Терезеге құс қонды,
Бізбен бірге, бізбен бірге,
Ұшып кетпей отыршы,
Ой, ой құс ұшып кетті!

«Ой» сөзі айтылғанда тұрып, «қанаттармен» қолдарын бұлғап, бөлмені айналып жүгіреді.

3) *«Торғайлар»*. Баланы торғайды айналуға шақыру. «Басыңды бұршы, қанатыңды қақшы, бөлмені айналып ұшшы». Ұштық, ұштық, тізерлеп отырамыз, демаламыз. Ал енді бұл жерде дәндер бар ма, соны тексеріп көрейік (саусағымызды бүгіп «тұмсық» жасау, онымен дәнді шұқу). Ойын барысында мынандай өлеңнің сөздерін айтылады:

Ұш, ұш, ұш
Торғай, торғайлар
Қанат қағып торғайлар
Көбірек жем табыңдар

4) *«Құстар мен ұялар»*. Сіз және балалар құстар болады. Бөлмені аралап, қанаттарыңды қағып, құрттарды іздеу, оларды шұқу және т.б. «Жаңбыр жауып тұр!» дегенде - құстар ұяларына (еденге қойылған құрсаулар немесе биік орындықтар) ұшып баруы керек.

5) *«Қоянға арналған сәбіз»*. Еденге сәбіз мен картопты (ойыншық немесе нақты) жайып, қоянды балалардың үстеліне отырызсыз. Баланы бау-бақшадағы қоянға тек сәбіз жинауға шақыру.

6) *«Жорғалағыш жылан»*. Арқан жіпті еденнің үстінен көлденең күйде бекіту, сонда бала оның астынан еңбектей алады. Баланы жылан сияқты сезінуге және үйшікке қарай еңбектеуге шақыру. Бала еңбектеу үшін арқан жіпті төмен және одан да төмен түсіру.

2 жастан бастап балаларға арналған қимылды ойындардың мақсаты – баланың кешенді дамуын қамтамасыз ету және болашақ өмірлік дағдылардың

қалыптасуы мен тапсырмаларды орындауға дайындау. Бұл жаста балалар жүгіру, лақтыру және секіру сияқты жаңа негізгі қимылдарды меңгереді. Қимылды ойындар мен ойын жаттығулары қимыл-қозғалыс моторикасын дамытуға және қозғалыстарды үйлестіруді жақсартуға бағытталған, бұл қоршаған ортаны тану және зерттеуге сенімділікті қалыптастыруға ықпал етеді. Мысалдар келтірелік:

1) *«Торғайлар мен көлік»*

Мақсаты: балаларды бір-біріне соқтығыспай әр түрлі бағытта жүгіруге, педагогтің белгісі бойынша қимылды бастауға және оны өзгертуге, өз орнын табуға үйрету.

Сипаттамасы. Балалар – «торғайлар» орындыққа – «ұяларға» отырады. Педагог «көлікті» бейнелейді. Педагогтің: «Ұшты, торғайлар, жолға» деген сөзінен кейін балалар көтеріліп, ойын алаңын айналып жүгіреді, қолдарын бұлғап, «қанаттарын» қағады. Педагогтің белгісі бойынша: «Торғайлар! Машина келе жатыр, ұяларыңа ұшындар» - «машина» «гараждан» шығады, «торғайлар» «торғайларды» құлатпауға тырысып, «ұяларға» ұшады (орындықтарда отырады). Әрі қарай «Машина» «гаражға» оралады.

2) *«Бір, екі, үш – жүгірі!»*

Мақсаты: балалардың дабыл бойынша әрекет ету қабілетін жаттықтыру; жүгіру жылдамдығын, ұжымдық әрекеттердің үйлесімділігін дамыту.

Сипаттамасы. Балалар педагогтің қасында тұрып, оның айтқанын тыңдайды. Педагог: «Бір, екі, үш, ағашқа жүгірі» десе, балалар ағашқа қарай жүгіріп, педагогті күтеді. Егер педагог: «Бір, екі, үш, құмсалғышқа жүгірі» десе, балалар құмсалғышқа жүгіріп, педагогті күтеді.

3) *«Пойыз»*

Мақсаты: балаларды бір-бірден колоннада жүруге және жүгіруге, қозғалысты жылдамдатуға және баяулатуға, белгі бойынша тоқтауға үйрету; балаларды бағанадан өз орнын табуға, жолдастарды итермеуге, зейінді болуға үйрету.

Сипаттамасы. Балалар бір-бірден сапқа тұрады (бір-бірін ұстамайды). Біріншісі – «поровоз», қалғандары «вагондар». Педагог ысқырады, ал «поезд» алдымен баяу алға жылжи бастайды, содан кейін жылдамырақ, тезірек, соңында балалар жүгіре бастайды. Тәрбиешінің «Пойыз станцияға жақындап қалды» деген сөзінен кейін балалар қозғалысты бірте-бірте баяулатады – пойыз тоқтайды. Педагог барлығын қиялындағы далаға шығуға, серуендеуге, гүлдер, жидек теруге шақырады. Белгі бойынша балалар қайтадан сапқа жиналады және пойыз қозғала бастайды.

4) *«Тегіс жолда»*

Мақсаты: балалардың қол-аяқ қозғалысын үйлестіруді дамыту; сапта бір-бірден еркін жүруге үйрету; тепе-теңдік күйін, кеңістікте бағдарлауды дамыту.

Сипаттамасы. Балалар еркін топтасып, тәрбиешімен бірге жүреді. Тәрбиеші келесі мәтінді белгілі бір қарқынмен айтады, балалар мәтінге сәйкес қимылдар жасайды:

Тегіс жолмен,

Жылдам жүр.

Тегіс жолда
Біз аяқпен жүреміз.
Бір - екі, бір – екі
Тастан тасқа,
Тастан тасқа
Біз үңгірге - бух!

Екі аяқпен секіру
Алға жылжу
Тізерлеп отыру
Көтерілу

Өлең қайтадан қайталаанады. Бірнеше қайталаудан кейін педагог басқа мәтінді айтады:

Тегіс жолда, тегіс жолда
Аяғымыз шаршады, аяғымыз шаршады
Бұл біздің үйіміз, біз тұратын панамыз.

Мәтіннің соңында балалар «үйіне» бұтақтың арасына, ағаштың түбіне және т.б. алдын ала белгіленген орынға жүгіреді.

5) *Мысық және тышқан*

Мақсаты: балаларды бір-біріне соқтығыспай, жеңіл, аяқтың ұшымен жүгіруге үйрету; кеңістікте шарлау, тәрбиешінің белгісі бойынша қозғалыстарды өзгерту.

Балалар орындықтарда отырады – бұл «күзендегі тышқандар». Алаңның қарама-қарсы жағында «мысық» отырады, оның рөлін педагог атқарады. «Мысық» ұйықтап қалады (көзін жұмады), ал «тышқандар» алаңды шарлап, таралып жүгіреді. «Мысық» оянады, созылады, мияулайды сосын «тышқандарды» ұстай бастайды. «Тышқандар» тез қашып, «ініне» тығылады (орындарын алады). Ұсталған «тышқанды» «мысық» өзінің жанына әкеледі. Қалған «тышқандар» «ініне» тығылған кезде, «мысық» тағы бір рет алаңды аралап өтіп, орнына қайта оралып, ұйықтап қалады. «Тышқандар» «мысық» көзін жұмып, ұйықтап қалғанда «інінен» шығады, «мысық» оянып, мияулағанда «ініне» қайтады. Педагог барлық «тышқандардың» інінен алысқа шашылып, таралып жүгірулерін қадағалайды. Іні ретінде орындықтардан басқа құрсаулар алынады, одан «тышқандар» еңбектеп шығады.

3 жастан бастап балаларға арналған қимылды ойындардың мақсаты: бұрыннан игерілген физикалық дағдыларды тереңдету және жетілдіру, сонымен қатар жаңа, күрделі қимылдарды (қағып алу, сапқа тұру, қайта сапқа тұру, ырғақты жаттығулар) меңгеру. Бұл жаста балалар ойнаған ойындарында өздерінің мүмкіндіктерін тереңдетеді, қиялын және шығармашылығын дамытатын рөлдер мен жағдайларға еліктейді. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту және көз-қолды үйлестіруді жақсарту қалыптасады, бұл болашақта жазу және сурет салу дағдыларына ықпал етеді. Қимылды ойындардың кейбір мысалдарын қарастырайық және ортаңғы топтағы мектеп жасына дейінгі балаларға арналған ойын жаттығулары (3 жастан бастап).

1) *«Доп мектебі» қимылды ойыны*

Мақсат. Допты лақтыруға және қағып алуға жаттықтыру.

Ойын ережесі. Ойыншылар бірқатар тапсырмаларды орындайды: допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алу; допты жерге соғу және оны екі қолмен

ұстау, допты жерге соғу, шапалақтау және екі қолмен қағып алу. Допты қабырғаға соғып, екі қолмен қағып алу; допты қабырғаға соғу, оны еденнен секірту және оны екі қолмен ұстау; допты қабырғаға соғу, шапалақтау және екі қолмен ұстау. Бірге: допты қабырғаға соғып, досына қарай секіреді, доп еденге түсіп, қайтадан секірген допты ұстап алады.

2) *«Түрлі-түсті машиналар» қимылды ойыны*

Мақсат. Балалардың зейінін дамыту. Балаларды жүгіруге жаттықтыру.

Ойын ережесі. Балалар бөлменің ортасында тұрады. Бұл гараждағы көліктер. Әрбір ойыншы қолына жалауша ұстайды (сақина, көк, сары немесе жасыл түсті картон дискі). Педагог бөлменің ортасында ойыншыларға қарап тұрады, оның қолында үш түсті жалау бар. Ол жалаулардың бірін көтереді (немесе екеуі немесе үшеуін көтеруі мүмкін), осындай түсті заты бар балалар алаңның айналасына шашырап жүгіріп, көлік жүргізушіге еліктейді және дыбысын салады. Педагог жалаушаны түсіргенде, машиналар тоқтап, бұрылып, гараждарына қарай бет алады. Ойын 4-6 рет қайталанады.

Нұсқаулар. Педагогте қызыл жалауы болуы мүмкін. Ол оны кенеттен көтергенде - барлық машиналар осы белгіге тоқтауы керек.

Жабдық. Көк, сары, жасыл және қызыл жалаулар.

3) *«Қойшы мен отар» қимылды ойыны*

Мақсат. Балаларды еңбектеуге жаттықтыру.

Ойын ережесі. Балалар табынды (сиыр, бұзау) бейнелейді. Сиыршыны таңдайды. Оған сиыршының бөркін, қамшы мен мүйізді береді. Мал қораға жиналады. Сиыршы алыста тұрады.

Педагог:

Ерте-таңертеңгілік

Сиыршы: «Ту-ру-ру-у!»

Ал сиырлар онымен үндеседі

Қатты: «Мө-мө-мө!»

«Ту-ру-ру-у» деген сөзді айтқанда бақташы мүйізді көрсетеді, «мө-мө-мө» деп мөңіреген сиырлар мүйізін бұлғайды. Содан балалар төрт аяқтап жүріп сиыршының шақыруына барады. Ол оларды өріске (алаңның екінші жағына) айдайды. Онда мал біраз жайылады, содан кейін сиыршы оны қайтадан қораға айдап жібереді. Жаңа сиыршыны таңдау. Ойын 2-3 рет жалғасады. Жолдағы кедергілер туралы ойлау керек.

4) *«Ормандағы аю» қимылды ойыны*

Мақсат. Балалардың зейінін, сөйлеуін дамыту.

Ойын ережесі. Алаңның бір жағында аюдың іні бейнеленген. Екінші жағында - балалар тұратын үй көрсетілген. Педагог інде тұратын аюды таңдайды. «Балалар, серуенге барыңдар!» деп белгі беріледі. Балалар үйден шығып орманға барады, саңырауқұлақ тереді, көбелектерді аулайды, т.б. (бүгілу, түзету, басқа еліктеу қимылдарын жасау). Олар бір ауыздан:

Ормандағы аюдан

Саңырауқұлақтар, жидектерді аламын,

Ұйықтамаған аюжан
Мырылдайды ол бізге .

«Мырылдады» деген сөзден кейін аю үйлеріне қашып бара жатқан балаларды ұстай бастайды. Аю ұстаған бала ұсталды деп есептеледі: аю оны өз ініне апарды. Аю бірнеше ойыншыны ұстағаннан кейін бұл рөлге басқа бала тағайындалады. Ойын 3-4 рет қайталанады.

Нұсқаулық. Ойынның басқа нұсқасы екі аюмен де ойналуы мүмкін .

5) *«Тиіндер, қояндар, тышқандар» қимылды ойыны*

Мақсаты: Балалардың зейінін, реакция жылдамдығын дамыту. Балаларды жүгіруге шақырыңыз.

Көшбасшы тағайындалады, қалған ойыншылар 5-6 баладан тұратын үш командаға бөлінеді және оларға «тиіндер», «қояндар», «тышқандар» деген атаулар беріледі. Үш кұрсау еденге бір-бірінен 5 м қашықтықта орналастырылған, бұл жануарларға арналған үйлер, әр команда олардың біреуін алады. Команда бойынша – «Тышқандар! Қояндар! Аты аталған топтар мекенжайларын ауыстыруы керек. Егер жүгіру кезінде жүргізуші қатысушылардың бірін ұстап алса, онда ұсталған адам жүргізуші болады, ал жүргізуші өзі ұстаған командасының ойыншыларына қосылады. Бірден үш командаға белгі беруге болады: «Тиіндер, қояндар, тышқандар!». Содан кейін барлық топтар үйлерін тастап, басқалардың мекенжайын басып алуға жүгіреді.

4 жастан асқан балаларға арналған қимылды ойындардың мақсаттары доп ойындары, лақтыру, қарапайым гимнастика, ұзақ қашықтыққа жүгіру және спортқа қызығушылықты арттыратын басқа да әрекеттер сияқты негізгі спорттық дағдыларды үйренуді қамтиды. Жазу, сурет салу және дәл қимылдарды қажет ететін тапсырмаларды орындау қабілетін қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын қолдың және көздің ұсақ моторикасын дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Қимылды ойындар коммуникативті дағдыларды дамытуға және топта жұмыс істеу қабілетіне ықпал етеді, өйткені балалар басқа қатысушылармен қарым-қатынас жасайды және ынтымақтасады. Ойын арқылы балалар басқалардың ережелері мен көзқарастарын құрметтеуге үйренеді, жанжалдарды тиімді шешу қабілетін дамытады. Түрлі қимылды ойындарға қатысу балалардың назарын тапсырмаларға аударуды, ережелерді сақтауды және нұсқауларды орындауды талап етеді. Бұл олардың зейінін шоғырландыру және жинақтау қабілеттерін дамытады, бұл мектепте табысқа жету үшін өте маңызды.

Ересек топтағы (4 жастан бастап) мектеп жасына дейінгі балаларға арналған қимылды ойындар мен ойын жаттығулары мен ойын жаттығуларының мысалдары және олардың сипаттамасы:

1) *«Аңшы мен қоян»*

Мақсаты: допты қозғалатын нысанаға лақтыруды үйрету.

Ойын барысы: Бір жағында «аңшы», екінші жағында сызылған шеңберде 2-3 «қоян» тұрады. «Аңшы» «қояндардың» ізін іздегендей алаңды айналып өтіп, орнына қайтады. Педагог: «Қояндар далаға жүгіріп шықты», - дейді. «Қояндар» алға жылжып екі аяқпен секіреді. «Аңшы» деген сөзге «қояндар» тоқтап, оған

бұрылып қарайды, аңшы қозғалмай, оларға доп лақтырады. «Аңшының» добы тиген «қоян» жаралы болып саналады, ал «аңшы» оны өзіне алып кетеді.

2) *«Тауық қорадағы түлкі»*

Мақсаты: аяқты тізеден бүгіп, жайлап секіруді үйрету; бір-біріне соқпай жүгіру, ұстаушыдан жалтару.

Ойын барысы: Алаңның бір жағында «тауық қорасы» көрсетілген. Онда «тауықтар» ағаш тұғырларына отырады (орындықтарда) Алаңның қарама-қарсы жағында түлкінің іні болады. Қалған жері аула. Ойыншылардың бірі «түлкі», қалғандары «тауықтар» болып белгіленді. Белгі бойынша «тауықтар» ағаш тұғырларынан секіріп, ауланы аралап, жүгіреді, дәнді шұқып, қанаттарын қағады. Белгі бойынша: «Түлкі!», «Тауықтар!» олар тауық қорасына қашып, ағаш тұғырларына шығады, ал «түлкі» қашып үлгермеген «тауықты» сүйреп әкетпек болып, оны ініне апарады. Қалған «тауықтар» ағаш тұғырларына қайтадан секіреді, ойын қайта жалғасады. «Түлкі» екі-үш «тауық» ұстағаннан кейін ойын аяқталады.

3) *«Оны кім тез жинайды?»*

Мақсаты: көкөністер мен жемістерді топтастыруды үйрету; сөзге реакция жылдамдығына, төзімділікке, тәртіпке тәрбиелеу.

Ойын барысы: Балалар екі командаға бөлінеді: «Бағбандар» және «Бақшашылар». Жерде көкөністер мен жемістердің муляждары және екі себет жатады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша командалар көкөністер мен жемістерді әрқайсысы өз себетіне жинай бастайды. Кім бірінші жинаса, сол себетті көтереді және жеңімпаз болып саналады.

4) *«Туға кім жылдам жетеді?»*

Мақсаты: жылдам жүгіруге, ептілікке тәрбиелеу.

Ойын барысы: Балалар бірнеше командаға бөлінеді. Жалаулар старт сызығынан 3 м қашықтықта қойылады. Педагогтің белгісі бойынша туға екі аяқпен секіру керек, оны айналып өтіп, өз сабының соңына дейін қайта жүгіру керек.

5) *«Шыбық»*

Мақсаты: дұрыс секіруді үйрену: жылжып кету және аяқты жинау.

Ойын барысы: Балалар шеңберге тұрады, ортасында қолында арқан бар педагог тұрады, оның артына дорба байланады. Педагог арқанды айналдырады, ал балалар секірулері керек.

5 жастан бастап балаларға арналған қимылды ойындар балаларды оқудың қуанышы мен рахатын байланыстыру арқылы ұйымдастырылған іс-әрекетте жағымды тәжірибе береді.

Бұл танымдық процестерді, сыни ойлауды дамытуға мотивация мен қызығушылықты қалыптастыруға ықпал ете алады. Кейбір қимылды ойындар кезінде балалар командаларды басқара алады немесе рөлдік ойындарға қатыса алады, бұл көшбасшылық дағдылар мен өзіне деген сенімділікті дамытуға көмектеседі. Ойын барысында олар ережені құрметтеуге, бөлісуге, басқалардың пікірін тыңдауға, жанжалдарды шешуге үйренеді. Бұл әлеуметтік дағдылар

мектеп ортасына сәтті бейімделудің маңызды элементі болып табылады. Жалпы, бұл жастағы қимылды ойындар баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған, оның ішінде физикалық, әлеуметтік және танымдық аспектілері, оларды болашақ қиындықтарға және белсенді оқу өміріне дайындау. Мектепалды даярлық тобының (5 жастан бастап) балаларына арналған қимылды ойындар мен ойын жаттығуларының мысалдары:

1) «Бұрыштар»

Міндеттері: балаларды көшбасшыға байқатпай, бір жерден екінші жерге жылдам жүгіруге үйрету. Ептілік, қозғалыс жылдамдығы, кеңістікте бағдарлауды дамыту.

Ойынның мазмұны: Балалар ағаштардың қасында немесе жерге сызылған шеңберлерде тұрады. Ортада қалған ойыншылардың бірі біреуге келіп: «Тышқан, тышқан, маған бұрышыңды сат», - дейді. Ол бас тартады. Жүргізуші сол сөздермен екіншісіне барады. Бұл кезде қалған балалар орындарын ауыстырады, ал ортадағы жүргізуші жүгіріп келе жатқандардың біреуінің орнын басуға тырысады. Сәтті болса, бұрышсыз қалған ортада тұрады.

Нұсқа: Жүргізуші бір орнында ұзақ уақыт отыра алмаса, педагог: «Мысық!» деген кезде барлық балалар бір уақытта орындарын ауыстырады, жүргізуші бұрышқа кіріп үлгереді.

2) «Жұптық жүгіру»

Міндеттері: балаларды қол ұстасып, жұптасып жүгіруге, заттарды айналып өтуге үйрету. Ептілік, зейінді дамыту.

Ойынның мазмұны: балалар ойын алаңының бір жақ шетінде сызық бойымен жұппен сапқа тұрады. Алаңның екінші жағында звенолардың санына сәйкес заттар (кеглилер, текшелер және т.б.) орналастырылады. Педагогтің белгісі бойынша балалардың бірінші жұптары қол ұстасып, заттарға қарай жүгіреді, оларды айналып өтіп, өз сабының соңына оралады. Келесі белгі бойынша екінші жұптар жүгіреді. Қолды бөлген жұп жеңілген болып саналады.

Нұсқалар: аяқты тізеден бүгіп, артқа көтеріп жүгіру. Бағдарға шейін заттар арасында жыланша жүгіру.

3) «Тышқан қақпан»

Міндеттері: Балалардың шыдамдылығын, қимылдарын сөзбен үйлестіру қабілетін, ептіліктерін дамыту. Жүгіру, еңкею, шеңбер бойымен тұру, шеңбер бойымен жүру жаттығулары. Сөйлеудің дамуына ықпал ету

Ойынның мазмұны: Ойыншылар 2 тең емес топқа бөлінеді. Кішірек шеңберден «тышқанға қақпан» құрады. Қалғандары шеңбердің сыртында болып, тышқандар рөлін алады. «Тышқан қақпанды» бейнелейтін ойыншылар қол ұстасып, шеңбер бойымен жүре бастайды, «Ой, тышқандар шаршатты, олар бәрін кеміріп, бәрін жеп тастады. Алданып қалудан сақ болайық, біз сендерге қалайда жетеміз, ал тышқанға қақпан құрайық, қазір барлығыңды ұстап аламыз. Балалар тоқтап, қолдарын жоғары көтеріп, қақпа құрады. Тышқандар «тышқан қақпанына» қарай жүгіріп, қайтадан қашады, сол кезде педагогтің қол шапалақтаған белгісімен шеңберде тұрған балалар қолдарын түсіріп, еңкейеді

«тышқан қақпан» тарс жабылды. Шеңберден жүгіріп шығуға үлгермеген ойыншылар ұсталды деп есептеледі. Ұсталған тышқандар шеңбер бойымен қозғалып, тышқан қақпағының көлемін үлкейтеді. Тышқандардың көпшілігі ұсталғанда, балалар рөлдерді ауыстырады.

4) «Жүгіру»

Міндеттері: Қозғалыс нысанына лақтыра алу дағдысын, жолдастармен бірлесіп әрекет ету біліктілігін дамытуды жалғастыру.

Ойынның мазмұны: Алаңның бір жағында «үйшік» сызықпен бөлінген, 5-6 м қашықтықта екінші сызық сызылған, оның артында басқа «үйшік» болады. Үйшіктің перпендикуляр жағынан тағы бір сызық сызылады. Ойыншылар екі топқа бөлінеді (әрқайсысында 6-8 баладан артық емес). Кез келген үйшіктің біреуін тандап бірінші топтың балалары тұрады. Кез келген үйшіктің бірін тандап сызықтың артында екінші топтың балалары орналасады. Үшінші топ перпендикуляр (бүйірлік) сызық бойымен орналастырылады; Әр баланың аяғының астында екі қарлы доп жатады.

Педагогтің белгісі бойынша бірінші топ бір үйшіктен екінші үйшікке қарай жүгіреді. Екінші топтың балалары жүгірушілерді бір - бір қарлы доппен атқылайды. Қарлы доп тигендер шетке қарай шығып тұрады. Жаңа белгі берілгенде жүгірушілер кері қарай жүгіреді, сол кезде бүйір жақта тұрған балалар жүгіргендерді екінші қарлы доптарымен атқылай бастайды. Жеңіске ұшырағандар осы жолы да шетке шығарылады.

Педагог қай топтың балаларының қайсысы епті, батыл, мақсатты болғанын атап өтеді. Осыдан кейін ойыннан уақытша шет қалғандар өз топтарына қайтады. Командалар ауысып, ойын жалғасады.

Ескерту: 1. Қыстың күні ойын далада өтсе, қарлы допты алдын ала дайындап қоюға болады немесе ойын басталар алдында балалардың өздері мүсіндеп дайындауына болады. Спорт залында өткізген кезде қарлы допты қағазды умаждап доп жасатуға болады. 2. Ойын тәртібін ретке келтіру үшін (қай топ бірінші жүгіру керек, қай топ қарлы допты лақтыру керек) снамақтар қолдануға болады.

5) «Айлакер түлкі»

Міндеттері: Балалардың төзімділігін, байқағыштығын дамыту. Айлакерлікпен жылдам жүгіру, шеңбер бойымен тұру, қағып алу жаттығулары.

Ойынның мазмұны: ойыншылар бір-бірінен бір адым қашықтықта шеңберге тұрады. Шеңбердің сыртында түлкінің үйі сызылған. Педагог ойыншыларды көздерін жұмуға шақырады, балалардың артындағы шеңберді айналып өтіп, «Мен орманнан айлакер және қызыл түлкіні іздеп келемін!» дейді, ойыншылардың біріне қолын тигізеді, ол айлакер түлкіге айналады. Содан кейін педагог ойыншылардың көздерін ашып, олардың қайсысы айлакер түлкі екенін, оны сыр бідіріп қоя ма соны бақылап, мұқият қарап табуға шақырады. Егер таба алмаса ойыншылар хормен 3 рет алдымен жәй, содан кейін қаттырақ «Айлакер түлкі, қайдасың?» деп сұрайды. Барлығы бір-біріне қарап іздеп тұрғанда, айлакер түлкі тез шеңбердің ортасына шығып, қолын жоғары көтеріп, «Мен келдім»

дейді. Барлық ойыншылар алаңның айналасында шашырап қашады, ал түлкі оларды ұстап алады. Ұстап алғандарды түлкі үйіне, ініне апарды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ойын бала өмірінде маңызды орын алады. Философиялық көзқарас тұрғысынан бала ойыны әлемді танудың негізгі тәсілі болып табылады. Ойын процесінде балалардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдайлар жасалады, алуан түрлі міндеттер шешіледі: білім беру, тәрбиелеу, дамыту және сауықтыру. Ойын барысында балалар өз дағдыларын дамытады, айналадағы әлемді түсінуге және араласуға үйренеді, ұжымда және командада қарым-қатынас жасауға үйренеді, адамгершілік қасиеттерді дамытады.

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделінде ойын балаларды дамытудың жетекші әрекеті және негізгі құралы ретінде айқындалды. Балаларды ертеңгілік қабылдаудан бастап, кешке үйіне кеткенге дейінгі барлық тәрбиелік-білім беру процесінде ойын арқылы өткізу қағидаты негізінде жүргізілуі керек. Педагог ойынның маңызды түрлерінің бірі қимылды ойынды «Дене шынықтыру» ұйымдасқан іс-әрекетінде және басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттермен, серуенде, балалардың еркін іс-әрекеттерінде кіріктірілген қағидатымен қолданылады. Қимылды ойындар балалардың физикалық дамуын жақсартады, жүйке жүйесіне пайдалы әсер етеді және денсаулықты жақсартады. Ойында балалар қимылдың негізгі түрлеріне жаттығады: жүгіру, секіру, өрмелеу, жорғалау, лақтыру, ұстау және т.б. Қозғалыстардың көпшілігі тыныс алуды, қан айналымын және зат аламасу процестерді белсендіреді. Бұл өз кезегінде психикалық белсенділікке жақсы әсер етеді. Ойындар баланың күш, жылдамдық, төзімділік сияқты негізгі физикалық сапаларын дамытады, әр түрлі қозғалыс дағдыларын жетілдіреді.

Ойындарда балалар ережеге сәйкес әрекет етуді үйренеді, кеңістіктік ұғымдарды меңгереді, өзгерген ойын жағдайында саналы түрде әрекет етеді және қоршаған әлем туралы біледі. Ойын барысында балалардың есте сақтау, ой-өрісі белсендіріледі, ойлау, қиялдау дамиды. Қимылды ойындар көбінесе әнмен, тақпақпен, санамақтармен, ойын бастамақтармен бірге жүреді. Мұндай ойындар балалардың сөздік қорын толықтырып, сөйлеу тілін байытады.

Қимылды ойындарда пайда болатын жағдайлар педагогке оларды әлеуметтік мінез-құлықты қалыптастыру үшін пайдалануға мүмкіндік беретін үлкен әртүрлілікпен сипатталады. Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі міндеттерін сәтті шешу және әлеуметтік мінез-құлықты дамыту қозғалыс белсенділігімен, дербестік пен өзін-өзі ұйымдастырудың көрінісімен байланысты. Баланың зейінін құрдасының іс-әрекетіне аударудың ең маңызды мотиві қимыл-қозғалыс тапсырманы орындау нәтижелерін бағалау. Ойыншылар кез келген қатысушының тапсырманы сәтті орындағанын білгенде, олардың мінез-құлқы өзгере бастайды. Бірлескен іс-әрекеттер мектеп жасына дейінгі балалардың өзін-өзі көрсету және өзін-өзі растау қажеттілігін көрсетеді.

Сондай-ақ қимылды ойындар балаларда жағымды эмоциялар, рахат пен қуаныш сезімін тудырады. Ойынға ұзағырақ қатысуға, жетістікке жетуге деген ұмтылыс қызығушылықты ұзақ уақыт сақтауға көмектеседі, жүргізуші мен ойыншылардың қимылдарына көбірек көңіл бөлуге, аумақты шарлауға және ережелерді бұзбай мүмкіндігінше жақсы әрекет етуге мәжбүр етеді.

Бірінші тарауда қимылды ойындардың баланы әртүрлі аспектілерде (физикалық, коммуникативті, танымдық-интеллектуалдық, шығармашылық-зерттеушілік, әлеуметтік-эмоционалдық дағды) дамыту мен тәрбиелеудегі, негізгі қимылдарды дамытудағы рөліне әдістемелік ұсынымдар сипатталған. Мектеп жасына дейінгі балалардың қимылдарының негізгі түрлерін дамытуға бағытталған қимылды ойындардың мысалдары келтірілген.

Екінші тарауда қимылды ойындарды ұйымдастырудың ерекшеліктері мен әдістеріне әдістемелік ұсынымдар сипатталған. Ойындар тәрбие міндеттеріне, балалардың жас ерекшеліктеріне, денсаулық жағдайына, дайындығына сәйкес таңдалады. Сонымен бірге балалардың ұйымшылдық дәрежесін, тәртібін ескеру қажет: егер олар жеткілікті түрде ұйымдастырылмаған болса, онда алдымен қозғалысы аз ойынды алып, оны шеңбер бойымен ойнау керек.

Ойындар мен дене жаттығуларын таңдау және ұйымдастыру кезінде мыналарды ескеру қажеттілігі айтылады:

- ойындар мен жаттығулардың күрделілігін, олардың бір-бірімен үйлесімділігін, балалардың дайындық деңгейіне сәйкестігін ескеру;
- қимылды ойындар мен жаттығулар жыл мезгіліне және ауа райы жағдайына, ойынның өтетін орнына сәйкес болуы керек;
- жауапты рөлдерге балаларды таңдаудың әртүрлі әдістерін қарастыру;
- балаларға жаттығулар мен қимылды ойындарды қиындату нұсқала-рын ұсыну;
- балаларды ұйымдастырудың әртүрлі тәсілдерін қолдану;
- Балаларды әртүрлі ойындар мен жаттығуларға еркін қатысуға, белсенділікті, шығармашылық бастаманы көрсетуге ынталандыратын жақсы достық атмосфераны құруға ұмтылу.

Әдістемелік ұсыныстардың үшінші тарауында әр жас тобына арналған қимылды ойындардың негізгі сипаттамалары мен мақсаттары сипатталған, сонымен қатар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес мысалдар келтірілген. Бұл жағдайда балалардың алдыңғы және кейінгі әрекеттерінің сипатын ескеру өте маңызды. Көп физикалық немесе психикалық күш-жігерден кейін - аз күш жұмсайтын ойындар; Ұзақ уақытқа созылған пассивті әрекеттен кейін сюжетке сәйкес өзгеретін әртүрлі қозғалыстармен жоғары қимылды ойынын ойнаған дұрыс. Көп қимылды ойындар тамақтан кейін 25-30 минуттан кейін жүргізілуі керек және ешқашан оған дейін жүргізілмеуі тиіс. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің алдында, серуеннің соңында қозғалыс қарқындылығы жоғары ойындарды ойнауға болмайды, өйткені бұл жағдайда балалардың шамадан тыс белсенділігі пайда болады, бұл күндізгі ұйқысына кері әсер етеді, ұйықтау ұзақтығын арттырады және тәбеттің төмендеуіне әкеледі.

Қорытындылай келе, қимылды ойындар – мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды тәрбиелеу мен оқытудың өте құнды және маңызды әдісі екенін атап өтуге болады. Олар балаға күрделі, жан-жақты әсер етеді, өйткені олар баланың физикалық дағдысын, коммуникативті, танымдық-интеллектуалдық, шығармашылық-зерттеушілік, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды дамытуға ықпал етеді. Ал ойындармен бірге болатын жағымды эмоциялар оқу мен білім беру процесінің тиімділігіне әсер етіп, көңілдерін көтеруге ықпал етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы

2. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білімберу стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031#z20>

3. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығы.

4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600014235#z15>.

5. Құлжанова Н. Халқыма деп іс қылдым. Алматы 1994 ж.

6. Иманбеков Т. Қазақ балабақшаларындағы оқу-тәрбие жұмыстарында ұлттық ойындарды пайдалану (5 – 7 жас): Пед.ғыл.канд.дис. автореф. –Алматы, 1995. –23 б.

7. Тұрыскелдина М.Т. Кел ойнайық. –Алматы:Жалын, 1990. –14 б.

8. Мұхамеджанова А.Ж., Жұбандықова А.М.. Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесінің теориясымын мен әдістемесі. Оқу құралы, Алматы-2018-344 б.

9. Сисенбердиева А.Ж.. Дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесі.- «Экономика» баспасы ЖШС, 2012

10. Сағындықов. Е. Қазақтың ұлттық ойындары. - Алматы: Рауан, 1991.

11. Төтенаев Б.Ә. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Қазақстан, 1978. - 150 б.

12. Диваев Ә. Игры киргизских детей. – Алматы, 1956.

13. Аманатиди О.В. Подвижные игры: методическое пособие. – Армавир, 2011. – 69 с.

14. Баримбеков Н.Ж. Психолого-педагогические основы формирования общения детей старшего дошкольного возраста в подвижных играх. Канд. дисс. пед. наук. Алма-ата, 1998. – 185 с.

15. Борисова М.М. Теория и технология физического воспитания и развития ребенка. НИЦ ИНФРА - М, 2023. – 299 с.
16. Горелова Л.Н., Дашевская Т.Н., Лукьянова Р.М. Роль подвижных игр в развитии детей дошкольного возраста // Наука и образование: отечественный и зарубежный опыт. – 2020. – С. 34-37.
17. Колосова Е.В. Проведение физкультурных занятий и подвижных игр для детей. Учебно-методическое пособие. – Саратов: ИЦ «Наука», 2018. – 160 с.
18. Маматов А.А. Подвижные игры для детей дошкольного возраста // Gospodarka i Innowacje. – 2023. – Т. 32. – С. 40-43.
19. Модель Н. Подвижные игры с геометрическими фигурами. – Litres, 2023.
20. Новохацкая Е.П., Кудрявцева Ю.С. Подвижные игры в детском саду. Сборник подвижных игр. Физическое развитие детей в ДОУ. –Армавир, 2020. – 69 с.
21. Патрикеев А. Летние подвижные игры. Для детей. – Litres, 2022.
22. Степаненкова Э.Я. Сборник подвижных игр. Для детей раннего возраста. 2-3 лет. – М.: Мозаика kids, 2022. – 48 стр.
23. Федосова Н.Я., Степанова Н.В., Варфоломеева Е.А. Сборник подвижных игр на прогулке для детей старшего дошкольного возраста в летний-оздоровительный период. – Иркутск, 2022. – 31 с.
24. Фролова О.В., Речицкая Н.В. Сборник методических рекомендаций и разработок по физическому развитию и оздоровлению воспитанников дошкольных образовательных организаций. Смоленск, 2022. - 75 с.

СОДЕРЖАНИЕ

1.	Введение	37
2.	Раздел I. Роль подвижных игр в развитии основных движений	39
3.	Раздел II. Методика проведения подвижных игр	47
4.	Раздел III. Описание подвижных игр и игровых упражнений	55
5.	Заключение	64
6.	Список использованной литературы	66

ВВЕДЕНИЕ

Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения от 2022 года, пункт 7 определяет, что физическое развитие детей направлено на формирование у воспитанников культурно-гигиенических навыков, двигательного опыта через освоение основных видов движений; развитие физических качеств и потребности в двигательной активности; проведению различных игр, в том числе национальных, подвижных, игр соревновательного характера в командах; выполнению спортивных упражнений; знакомству с элементами спортивных игр; развитию творческих способностей и навыков взаимодействия в команде.

Однако, результаты исследования, с использованием международной шкалы оценки качества ECERS-R в Казахстане констатировали уровень в 4,1 по 7-балльной шкале, что соответствует оценке «среднее качество». Высокий показатель дошкольные организации получили по подшкале «Присмотр и уход», в то время как самые низкие баллы были в подшкале «Виды активности» по таким показателям, как игра, природа/наука, музыка/движение, мелкая моторика и др. Международный инструмент оценки качества дошкольных организаций показал необходимость уделения большего внимания на психологическое благополучие и здоровье детей (Модель развития дошкольного воспитания и обучения, 2021), учитывая изменения в образе жизни и развитие технологий на современном этапе.

